

«Сарыжар ЖОББМ» КММ
4 «А» сыныбының 2022-2023 оку жылындағы
жүргізілген жұмыстарының сараптамасы

2022-2023 оку жылының басында 4«А» сыныбында 20 оқушы болды.Оның 10-і ер бала, 8-і қыз бала. Оку жылын осы 20/10 окушымен аяқтады. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Қыркүйек айында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм», «Өз күкініңді білгенің, дұрыс өмір сүргенің», «Ана тілім ардағым! » тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар М.Әуезовтың 125 жылдығы, М.Меметованың 100 жылдығы да атап өтілді. «Балалар әлемі» атты Республикалық балалар оқулары байқауының қатысты. Балтабай Ернұр «Ұшқыр ой» номинациясымен марапатталды. Оқушылар түрлі сайыстарға қатысты. Республикалық «Бояулар құпиясы» атты жас суретшілер байқауына қатысып, өз жұмысымен өзгелерден үздік шыққаны үшін Аралбай Гұлназ 1 орын дипломмен марапатталды.

Қазан айында «Жол журу ережелерін білеміз бе?», «Қонақ келсе, күт келеді», «Әдел пен әдел» тақырыбындағы тәрбие сағаттары мен бірге «Қазыбек бидің 355 жылдығы» атап өтілді. Қазан айының 7-11-і аралығында өткізілген Республикалық “Кенгуру-математика барлығы үшін” интелектуалды ойын-конкурсына 15 оқушы қатысып, барлығы III дәрежелі дипломмен марапатталды. Сыныпта “Менің Отаным-Қазақстан!” атты тәрбие сағаты өтіп, мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды. 4-сыныптар аралығында өткен аудандық «Кішкентай білгірлер» атты командалық олимпиадаға сыныбымыздан Балтабай Ернұр қатысып, команда «Алғыс хатпен» марапатталды.

Қараша айында «Мақатаев оқулары» конкурсына бірнеше оқушы қатысты. «Бала дауысы-2022» Патриоттық әндер байқауына белсене қатысқаны үшін Мұқанова Жазира марапатталды. Желтоқсан айында «Тұым – тендігім, Елтаңбам – елдігім, Өнүраным – айбыным!» және «Тәуелсіздік – тұғырым» атты тәрбие сағаты өтіп, мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды.

4 «А» сыныбын мектепте үйымдастырылған «Қош келдің, жаңа жыл, жаңа белес, жаңа арман» атты жаңа жыл мерекесінде «Аққалалар шеруінде» белсенділік танытып, қолөнерді жоғары деңгейде дайындағаны үшін марапаттады.

II жартыжылдықтың басында 4 «А» сыныбында 20 оқушы болды. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Қаңтар айында «Д.Конаев 110 жаста», «Р.Бағланова 100 жаста», «А.Байтұрсынов 150 жыл» тақырыптарында атақты тұлғалардың өнегелі өмірлері жас үрпактарға насиҳатталды.

Ақпан айында « Тазалық -денсаулық кепілі», «Еңбеккорлық пен еріншектік», «Адамның асыл қасиеттері» тақырыптары қамтылды.

«Дарын» Республикалық ғылыми- практикалық Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадаға 10 окушы қатысты. Барлығы дипломмен марапатталды. Наурыз айында «Абай оқулары» конкурсына 6 окушы қатысып, II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Наурыз айының жоспарына сәйкес «Өмір жыры – аналар!», «Наурыз тойы – мереке, салт-дәстүрім береке!» мерекелері өткізілді. Окушылар көктемгі демалысқа шығуына байланысты қауіпсіздік ережелерін еске түсіріп, қай жерде жүрседе абай болулары қажет екендігі қатаң ескертілді

Сәуір айында «Ұлттық ойын--халық мұрасы», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жириен», «Салауаттылық- саулық негізі» тақырыптарында сайыс сабактар өткізілді. Мамыр айында атаулы мерекелер атап өтілді. 1-мамыр мектепішілік сайысқа қатыстық, 7-мамыр және 9-мамыр тәрбие сағаттары өтті. Сонымен қатар «Әке- отбасы дінгегі», «Дені саудың -жаны сау» және «Табиғаттан нәр алып» тақырыптары да қамтылды.

2022-2023 оку жылшының соңында 4«А» сыныбында 20 окушы, оның 10-і ер бала, 8-і қыз балаболды. Оку жылшының осы 20/10 окушымен аяқтады. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Сынып жетекшісі: Г.С.Жалгасова